«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ
Химиялық және биологиялық технологиялар институты

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРИЯ ІСІ

«7М07109-Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»
(ғылыми-педагогикалық бағыт (2жыл)

білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі

ҚР 2018 жылғы жоғары оқу орнынан кейінгі ББМЖМС сәйкес

1-ші басылым

Алматы 2020

Бағдарлама келесі тараптармен әзірленді және қол қойылды:

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нен:

1. ПжОЗХТ кафедра меңгерушісі _____ Елигбаева Г.Ж.

2. ХжБТ Институт директоры _____ Туйебахова З.К.

Жұмыс берушілерден:

1. «Organic» мұнай өнімдерін сараптаудың тәуелсіз орталығы» ЖШС, Директоры _____ А.А. Калмуратова

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Оқу әдістемелік кеңесі отырысында бекітілген. Хаттама №3 19.12.2019 ж.

Квалификация:
7 деңгей – Ұлттық квалификация шеңберінде
7М071 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы
7МВ07 – Инженерия және инженерлік іс (магистр)

Кәсіби құзыреттері: ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін меңгеру, ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу нәтижелері негізінде ғылыми зерттеулердің міндеттерін қою және тұжырымдау, ғылыми-техникалық ақпаратты өңдеу және талдау, техникалық-экономикалық және экологиялық талаптарды ескере отырып мұнайхимиялық өнімдерді жасау кезінде жаңа техникалық және технологиялық шешімдерді әзірлеу, орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру, әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдерді қабылдау, қазіргі заманғы ЖОО-да оқытудың интерактивті нысандары мен инновациялық әдістерін қолдану.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

1Мақсаттары:

- Ұлттық зерттеу университетінің ғылыми мектебі базасында бітірушіге мұнай-химия технологиясы саласында табысты жұмыс істеуге және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді қалыптастыру;

-магистранттарда креативтілік, жауапкершілік, төзімділік, өзін-өзі дамытуға және өзінің шығармашылық әлеуетін ашуға ұмтылу сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

-ғылыми-зерттеу қасиеттерін дамыту, таңдалған бағдарлама бойынша эксперименталды зерттеулерді жоспарлау, қою, орындау және жалпылау, бар іргелі ғылыми теориялар мен тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан ойластыруды қалыптастыру және алынған нәтижелерді қазіргі химиялық ғылым мен технология тұрғысынан түсіндіру.

2 Еңбек қызметінің түрлері.7М071 – «Инженерия және инженерлік іс» дайындаудың ғылыми – педагогикалық бағыты бойынша «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы» білім беру бағдарламасының (ББББ) түлегі кәсіби қызметтің келесі түрлеріне дайындалады:

- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- ғылыми-зерттеу;
- жобалау-конструкторлық;
- педагогикалық.

3 Кәсіби қызмет нысандары: заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерін анықтау және зерттеу әдістері мен құралдары; мұнай-газөнимдер мен материалдарды алудың технологиялық процестері мен өнеркәсіптік жүйелері, сондай-ақ оларды басқару және реттеу жүйелері; қазіргі ЖОО-да оқытудың интерактивті формалары мен инновациялық әдістері.

Кәсіби қызмет пәндері: зерттеу және инжинирингтік компаниялар,ғылыми-зерттеу және жобалау салалық институттары; ғылыми-зерттеу зертханалары, жоғары және орта техникалық оқуорындары; химиялық және мұнай-химия зауыттары мен кәсіпорындары.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРДАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1Бағдарламаның көлемі мен мазмұны

Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлемімен анықталады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және магистр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып саналады. Ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит. Білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды жоғары оқу орны мен ғылыми ұйым оқытудың кредиттік технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратура терең ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны төмендегілерден тұрады:

1) базалық және бейінді пәндер циклдерін оқытуды қамтитын теориялық оқыту;

2) магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдаманың әр түрлі түрлері;

3) магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы – ғылыми-педагогикалық магистратура үшін;

4) қорытынды аттестаттау.

Білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік құжаттар

Осы білім беру бағдарламасын әзірлеудің нормативтік құқықтық базасын құрайды:

- 04.07.18 ж. № 171-VI ЖОО дербестігі және дербестігін арттыру бойынша заңнамалық өзгерістер шеңберіндегі өзгерістер мен толықтырулармен "білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы .

- "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 04.07.18 ж. №171-VI;

- "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.18 жылғы № 595 бұйрығы»;

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.18 ж. №604 бұйрығына 8-қосымша);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығы бойынша білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау ережесін №601 31.10.18 ж. бекіту туралы;

- Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры бекіткен 2019-2020 жылдарға арналған «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары;

- Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде білім беру үрдісін ұйымдастыру бойынша СМЖ-нің құжаттары (Сапа Менеджмент Жүйесі).

Білім беру бағдарламаның мазмұны: «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы» білім беру бағдарламасы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да 7М071 – «Инженерия және инженерлік іс» (магистр) дайындаудың бағыты бойынша іске асырылады және химиялық инженерия мен химиялық материалдар өндірісі саласында білім беру үрдісінің мақсатын, мазмұнын, күтілетін нәтижелерді және жүзеге асыруды регламенттейтін құжаттама жүйесін ұсынады.

ББББ түлегінің терең білімдер, маңызды дағдылар мен іскерліктер алу мүмкіндігін және оларды мұнай-газ химиялық инженерия мен химиялық материалдар өндірісі саласында әрі қарай дамытуды қамтамасыз етеді. Ұсынылған ББББ магистранттарға тиісті білім беру траекториясыннемесе негізгі білім беру бағдарламасына негізделген, бірақ бірыңғай 7М071 – Инженерия және инженерлік іс (магистр) білім беру бағыт шеңберінде сол

немесе өзге мамандандырудың ерекшелігін көрсететін,өз құзыреті бар жеке нақты мамандандыруды таңдау мүмкіндігін ескере отырып құрылған.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

7М071 – Инженерия және инженерлік іс дайындау бағыты бойынша магистр «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы» ББ бағытына және кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келесі кәсіби міндеттерді шешуге дайын болуы тиіс:

1. Жобалау-конструкторлық қызмет

- химиялық-технологиялық процестің материалдық және жылу баланстарын есептеу;
- процестің аппаратуралық-технологиялық сызбасын құру;
- негізгі және қосалқы жабдықтардың негізгі конструкциялық және технологиялық параметрлерін есептеу;
- жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың сызбаларын жасау немесе таңдау;
- химия-технологиялық үрдістердің имитациялық моделін әзірлеу.

2. Жобалау-технологиялық қызмет

-жаңа заттар мен материалдарды алудың химиялық-технологиялық процестерін әзірлеу;
- процестің негізгі параметрлері мен көрсеткіштерін негіздей отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістердің технологиялық сызбаларын жетілдіру;
- химия-технологиялық жобаның бизнес-жоспарын құру;
- мұнай-газ химиялық өндіру саласында энергия және ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу;
- мұнай-газ химия бейіндегі кәсіпорындар үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеу.

3. Ғылыми-зерттеу қызметі

- әдеби және патенттік іздеу жүргізу, патенттік зерттеулер туралы есептер, ақпараттық шолулар, қорытындылар және т. б.;
- эксперименталды зерттеулерді жоспарлауды жүзеге асыру, зерттеу әдістерін таңдау;
- эксперименталды қондырғының сұлбалары мен конструкциясын әзірлеу, монтаждау және ретке келтіру;

- алынған өнімдер мен бастапқы заттардың құрамын, құрылымы мен сапасын зерттеу мен талдаудың қазіргі заманғы аспаптық әдістерін пайдалана отырып тәжірибелік жұмыстар жүргізу;

- эксперименттi, регрессиялық және корреляциялық талдауларды жоспарлаудың математикалық әдістерін қолдана отырып деректерді өңдеу;

- химия-технологиялық процестердің математикалық модельдерін әзірлеу және зерттеу;

- зерттеу нәтижелерін талдау және қорыту, ғылыми мақалалар мен баяндамалар тезистері түрінде нәтижелерді жариялау, өнертабысқа патенттер мен патенттерді рәсімдеу.

4. Ұйымдастыру-басқару қызметі.

- өндірісті, еңбекті және басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- нормативтік құжаттарға сәйкес өндірісті ұйымдастыру бойынша іс-шараларды орындау;

- қажетті құжаттаманы әзірлеу және жасау;

- ұжым қызметін ұйымдастыру, жұмыс жоспарын құру және өндірістік міндеттерді қою.

- материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу, тапсырмалардың орындалуын бақылау.

5. Педагогикалық қызмет:

- кәсіби қызметті түсінуде шығармашылық, инновациялық көзқарасты қалыптастыруға көмектесетін оқытудың белсенді әдістерін әзірлеу және енгізу, белгілі бір жағдайда оңтайлы шешім қабылдай білу және ойлау дербестігін дамыту;

-оқу-әдістемелік құжаттарды, білім алушылардың білімін бақылау әдістерін және оқу процесіне арналған мультимедиялық материалдарды әзірлеу;

- зертханалық және практикалық сабақтар өткізу.

2 Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Талапкерлердің алдыңғы білім деңгейі (бірінші цикл) – жоғары кәсіби білім(бакалавриат). Үміткердің белгіленген үлгідегі дипломы болуы қажет

және ағылшын тілін білу деңгейін сертификатпен немесе белгіленген үлгідегі дипломдармен растауы тиіс.

Магистратураға азаматтарды қабылдау тәртібі "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне" сәйкес белгіленеді.Магистранттар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекет мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес, егер олар осы деңгейдегі білімді алғаш рет алатын болса, конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығын беруді қамтамасыз етеді.

"Кіруде" магистранттың магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс.Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны өз бетінше анықтайды.

Қажетті пререквизиттері болмаған жағдайда магистрантқа оларды ақылы негізде меңгеруге рұқсат етіледі.

3 Оқуды аяқтауға және диплом алуға қойылатын талаптар

Берілетін дәреже/біліктілік:«Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы» білім беру бағдарламасының түлегіне «техника ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі беріледі.

Магистратура бағдарламасын меңгерген түлек келесі жалпы кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс:

• кәсіби қызметте жаңа білімдер мен білімдерді өз бетімен алуға, ұғынуға, құрылымдауға және пайдалануға, өзінің инновациялық қабілеттерін дамытуға қабілетті;

• зерттеу мақсатын өз бетінше тұжырымдауға, кәсіби міндеттерді шешу ретін белгілеуге қабілетті;

•магистратура бағдарламасының бағыттылығын (профилін) анықтайтын пәндердің іргелі және қолданбалы бөлімдерін білуді практикада қолдану қабілеті;

• ғылыми және практикалық міндеттерді шешу үшін заманауи ғылыми және техникалық жабдықтарды кәсіби таңдау және шығармашылықпен пайдалану қабілеті;

• өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін сыни талдау, ұсыну, қорғау, талқылау және тарату қабілеті;

• ғылыми-техникалық құжаттарды, ғылыми есептерді, шолуларды, баяндамалар мен мақалаларды құрастыру және рәсімдеу дағдысын меңгеру;

• әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай отырып, өзінің кәсіби қызметі саласында ұжымды басқаруға дайын болу;

• кәсіби қызмет міндеттерін шешу үшін шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде коммуникацияға дайын болу.

Магистратура бағдарламасын меңгерген түлек магистратура бағдарламасы бағытталған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек:

ғылыми-зерттеу қызметі:

•магистратура бағдарламасын меңгеру кезінде алынған арнайы білім мен ғылымның іргелі бөлімдерін біріктіру арқылы кәсіби міндеттердің диагностикалық шешімін қалыптастыру қабілеті;

• кәсіби салада ғылыми эксперименттер мен зерттеулерді өз бетімен жүргізуге, эксперименттік ақпаратты жалпылау және талдауға, қорытынды жасауға, қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдауға қабілетті;

•химиялық материалдар өндірісі, химиялық инженерия және инженерлік іс саласында терең теориялық және практикалық білімді қолдану негізінде зерттелетін объектілердің үлгілерін жасау және зерттеу қабілеті;

ғылыми-өндірістік қызмет:

•тәжірибелік міндеттерді шешу кезінде өндірістік және ғылыми-өндірістік тәжірибелік-өнеркәсіптік, зертханалық және интерпретациялық жұмыстарды өз бетінше жүргізуге қабілеті;

•магистратураның игерілген бағдарламасы аясында заманауи өнеркәсіптік және зертханалық жабдықтар мен аспаптарды кәсіби пайдалану қабілеті;

• өндірістік есептерді шешу үшін кешенді ақпаратты өңдеу және интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолдану қабілеті;

жобалау-технологиялық қызмет:

• ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстардың жобаларын өз бетінше құру және ұсыну қабілеті;

• кәсіби міндеттерді шешуде кешенді ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды жобалауға дайындықпен;

ұйымдастыру-басқару қызметі:

• кәсіби міндеттерді шешуде ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды ұйымдастыру мен басқарудың практикалық дағдыларын пайдалануға дайын болу;

• ғылыми-өндірістік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде нормативтік құжаттарды практикалық пайдалануға дайын болу;

ғылыми-педагогикалық қызмет:

• семинарлық, зертханалық және практикалық сабақтар өткізу қабілеті;

• оқытудың интерактивті әдістерін, оқу-әдістемелік құжаттарды, мультимедиялық материалдарды және оқытуды бақылау әдістерін әзірлеуге қатысу қабілеті;

• мұнай-химиялық инженериясы саласындағы білім алушылардың ғылыми-оқу жұмысына басшылық жасауға қатысу қабілеті.

Магистратура бағдарламасын әзірлеу кезінде барлық жалпы мәдени және жалпы кәсіби құзыреттер, сондай-ақ магистратура бағдарламасы бағытталған кәсіби қызмет түрлеріне жатқызылған кәсіби құзыреттер магистратура бағдарламасын меңгерудің талап етілетін нәтижелерінің жиынтығына енгізіледі.

4. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары «Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»

4.1 Оқу мерзімі: 2 жыл

оқу жылы	Код	Пән атауы	Компонент	Академиялық кредит	Дс/зж/пр/джж	Пререквизиттер	Код	Пән атауы	Компонент	Академиялық кредит	Дс/зж/пр/джж	Пререквизиттер
1	**1 семестр**						**2 семестр**					
	LNG202	Шет тілі (Кәсіби)	БП ЖК	6	0/0/3/3			Таңдау компоненті БП	БП ТК	6		
	HUM201	Ғылым тарихы мен философиясы	БП ЖК	4	1/0/1/2			Таңдау компоненті БП	БП ТК	6		
	HUM207	Жоғары мектеп педагогикасы	БП ЖК	4	1/0/1/2			ЖОО компоненті ПП	ПП ЖК	6		
	HUM204	Басқару психологиясы	БП ЖК	4	1/0/1/2			ЖОО компоненті ПП	ПП ЖК	6		
		Таңдау компоненті БП	БП ТК	6			AAP244	Педагогикалық тәжірбие	БП ЖК	4		
		Таңдау компоненті ПП	ПП ТК	6			AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту магистрлік диссертацияны орындау	МҒЗЖ	6		
	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту магистрлік диссертацияны орындау	МҒЗЖ	6				**Барлығы**		**34**		
		Барлығы		**36**								
2	**3 семестр**						**4 семестр**					
		Таңдау компоненті ПП	ПП ТК	6			AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту магистрлік диссертацияны орындау	МҒЗЖ	6		
		Таңдау компоненті ПП	ПП ТК	6			AAP236	Зерттеу тәжірбиесі	ПП	7		

		Таңдау компоненті ПП	ПП ТК	6			ECA205	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРжҚ)	ҚА	12		
		Таңдау компоненті ПП	ПП ТК	6								
	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту магистрлік диссертацияны орындау	МҒЗЖ	6								
		Барлығы		**30**				**Барлығы**		**25**		
								Жалпы		**125**		

4.2. Элективті пәндердің каталогы

Білім беру бағдарлама«Көмірсутекті қосылыстардың химиялық инженериясы»

Оқу мерзімі: 2 жыл

Таңдау бойынша компонент					
№	**Код**	**Пән атауы**	**ECTS кредиттер**	**Дәріс/зж/пр**	**Семестр**
БП Таңдау компоненті - 6 кредит					
1	BIO 704	*Мұнай өңдеу және мұнай өндіру процестеріндегі химиялық реагенттер	6	2/0/1/3	1
2	CHE298	*Минералды шикізатты қайта өңдеудің заманауи технологиялар негіздері	6	2/1/0/3	2
3	CHE283	Өнеркәсіптік су дайындау және ағынды сулы тазарту әдістері	6	2/1/0/3	2
4	CHE299	Химиялық-технологиялық үрдістердің жүйелік талдауы	6	2/0/1/3	2
5	CHE708	Органикалық заттарды өңдеудің заманауи технологиялары	6	2/0/1/3	2
6	CHE224	*Өнеркәсіптік органикалық химия	6	2/0/1/3	2
7	CHE709	CAD Химиялық инженерия	6	1/2/0/3	2
ПП Таңдау компоненті - 13 кредит					
8	CHE 272	*Ірі тоннажды химиялық өндірістің реакторлары	6	2/0/1/3	1
9	CHE725	Мұнай өндірісінің гетеролитті және гомолитті процесінің технологиясы	6	2/0/1/3	2
10	CHE 293	Мұнайөнімдерінің химмотологиясы	6	2/0/1/3	2
11	CHE728	Технологиялық жабдықтарды коррозиядан қорғаудың заманауи әдістері	6	2/0/1/3	2

12	CHE297	Химиялық технологиядағы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері	6	2/0/1/3	3
13	CHE710	Химиялық өнімнің сапасын бақылаудың заманауи мәселелері	6	2/0/1/3	3
14	CHE275	Полимерлік материалтанудың заманауи даму негіздері	6	2/0/1/3	3
ПП Таңдау компоненті - 12 кредит					
13	CHE279	Ауыр мұнайды өңдеу технологиясы	6	2/0/1/3	3
14	CHE706	Мұнайхимия өндірісі қалдықтарын утилдеу проблемасы	6	2/0/1/3	3
15	CHE713	Биоотын технологиясы	6	2/0/1/3	3
16	CHE226	Мұнайөңдеудегі өнеркәсіптік катализ және катализаторлар	6	2/0/1/3	3
17	CHE714	Мұнайхимиясындағы катализаторлардың талғамдылығы мен стереоспецификалығы	6	2/0/1/3	3

*** Пәнаралық пәндер**

Модулдік білім беру бағдарламасы

Пәннің циклі	Пәннің коды	Пәннің аты	Семестр	Акад. кредиттер	Дәр	зерт	прак.	ОӨЖ	Бақылау түрі	Кафедра
Профиль бойынша оқыту модулі										
Базалық пәндер (БП) (40 кредит)										
ЖОО компоненті (22 кредит)										
БД 1.1.1	HUM201	Ғылым тарихы мен философиясы	1	4	1	0	1	2	Емтихан	ҚП
БД 1.2.1	HUM207	Жоғары мектеп педагогикасы	1	4	1	0	1	2	Емтихан	ҚП
БД 1.3.1	LNG202	Шет тілі (Кәсіби)	1	6	0	0	3	3	Емтихан	АТ
БД 1.4.1	HUM204	Басқару психологиясы	1	4	1	0	1	2	Емтихан	ЖБҒБ БО

Практикалық-бағдарланған модуль										
	AAP244	Педагогикалық практика	2	4			2	2	Есеп	ХжБИ
Таңдауы бойынша компонент (18 кредит)										
БД	BIO 704	*Мұнай өңдеу және мұнай өндіру процестеріндегі химиялық реагенттер	1	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
БД	BIO707	Мұнай-химия салаларының экологиялық аспектілері								
БД	CHE298	*Минералды шикізатты қайта өңдеудің заманауи технологиялар негіздері	2	6	2	1		3	Емтихан	ХПжӨЭ
БД	CHE283	Өнеркәсіптік су дайындау және ағынды сулы тазарту әдістері								
БД	CHE299	Химиялық-технологиялық үрдістердің жүйелік талдауы	2	6	2		1	3	Емтихан	ХПжӨЭ
БД	CHE708	Органикалық заттарды өңдеудің заманауи технологиялары								ХжБИ
БД	CHE224	*Өнеркәсіптік органикалық химия	2	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
БД	CHE709	*CAD Химиялық инженерия								ХПжӨЭ
Профильдіпәндер (ПП)(49 кредит)										
Таңдауы бойынша компонент (42 кредит)										
ПД		Модуль Мұнай-химия саласындағы заманауи технологиялар								
ПД	CHE 272	*Ірітоннаждыхимиялықөндірістіңреактор лары	1	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	CHE275	Полимерлікматериалтанудыңзаманауи даму негіздері								
ПД	CHE750	Технологиялық жабдықты коррозиядан қорғаудың заманауи әдістері	2	6	2		1	3	Емтихан	ХПжӨЭ
ПД	CHE297	Химиялық технологиядағы ғылыми зерттеулердің замануи әдістері								ХжБИ
ПД	CHE 293	Мұнай өнімдерінің химмотологиясы	2	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	CHE710	Химиялық өнімнің сапасын бақылаудың заманауи мәселелері								

ПД		МодульМұнай өңдеудегі химиялық инженерия пәндері және катализаторлар								
ПД	CHE725	Мұнай өндірісінің гетеролитті және гомолитті процесінің технологиясы	2	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	BIO708	Көмірсутектерден құнды өнім алу технологиясының таңдалған аспектілері								
ПД	CHE279	Ауыр мұнайды өңдеу технологиясы	3	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	BIO709	Негізгі органикалық талдау								
ПД	CHE706	Мұнайхимия өндірісі қалдықтарын утилдеу проблемасы	3	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	BIO710	Мұнай-химия технологиясының заманауи мәселелері								
ПД	CHE713	Биоотын технологиясы	3	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	BIO711	Сұйытылған газдарды өңдеуге арналған каталитикалық процестер								
ПД	CHE226	Мұнайөңдеудегі өнеркәсіптік катализ және катализаторлар	3	6	2		1	3	Емтихан	ХжБИ
ПД	CHE714	Мұнайхимиясындағы катализаторлардың талғамдылығы мен стереоспецификалығы								
Практикалық-бағдарланған модуль										
ПД	AAP236	Зерттеу практикасы	4	7					Есеп	ХжБИ
Ғылыми-зерттеумодулі (24 кредит)										
МҒЗЖ	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	6					Есеп	ХжБИ
МҒЗЖ	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	6					Есеп	ХжБИ
МҒЗЖ	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3	6					Есеп	ХжБИ
МҒЗЖ	AAP242	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4	6					Есеп	ХжБИ
Қорытындыаттестациялаумодулі (12 кредит)										
ИА	ECA205	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	4	12					Диссертация қорғау	ХжБИ

Барлығы	125						

*** Пәнаралық пәндер**

5 Білімі, дағдылары, қабілеттері және құзыреттілік деңгейі мен көлемі туралы дескрипторлар

Магистранттың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің (магистратура) екінші деңгейлі Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және қол жеткізілген білім беру нәтижелері бойынша келтірілген біліктіліктерін көрсетеді.

Оқу нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасының барлық деңгейінде де, жеке модульдер немесе академиялық пәндер деңгейінде де қалыптасады.

Дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

1) ғылыми-зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеуде және (немесе) қолдануда химиялық ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы біліміне негізделген органикалық және бейорганикалық заттар мен материалдардың химиялық процестері мен өндірісі саласында білім мен түсінушілікті көрсету;

2) өздерінің білімін, түсінігін және жаңа ортада проблемаларды кәсіптік деңгейде шешуге қабілеттілігін кеңірек пәнаралық контексте қолдану;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастардың негізінде пікір қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4) мамандарға да, маман еместерге де ақпарат, идеялар, тұжырымдар, проблемалар мен шешімдерді нақты және анық түрде жеткізу;

5) химиялық инженерия және инженерлік іс саласында қосымша білім алуды өздігінен жалғастыруға қажетті оқыту дағдыларын көрсету.

6 Оқуды аяқтағандағы біліктілік:

6.1 Ғылыми-педагогикалық магистратура түлектерінің негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптар.

Түлек міндетті:

1) көзқарасы болу керек:

• қоғамдық өмірдегі ғылым мен білім рөлі туралы;

• ғылыми танымды дамытудың заманауи қарқыны туралы;

• жаратылыстану(әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдардың өзекті әдістемелік және философиялық мәселелері туралы;

• жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби біліктілігі туралы;

• жаһандану процестерінің қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары;

2) білуі керек:

• ғылыми танымдардың әдістемесін;

• ғылыми қызметті ұйымдастыру принциптері мен құрылымын;

•оқу процесінде студенттердің танымдық белсенділігінің психологиясын;

3) іскелігі:

• алған білімін ғылыми зерттеулер контексінде ерекше идеяларды дамытуға және қолдануға пайдалану;

• процестер мен құбылыстарды талдауда қолданыстағы ұғымдарға, теориялар және тәсілдерге сын көзімен қарау;

• әртүрлі пәндерден алған білімдерін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуге интеграциялау;

• білімдерін интеграциялау арқылы толық емес немесе шектеулі ақпараттар негізінде қорытындылар жасап, шешімдер қабылдау;

• жоғары мектептің педагогикалық және психологиялық білімдерін өздерінің педагогикалық қызметінде қолдану;

• интерактивті оқыту әдістерін қолдану;

• заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізу;

• креативты ойлап, жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау;

• ғылыми зерттеулерді жүргізуге және жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді оқытуға мүмкіндік беретіндей болып шет тілін кәсіптік деңгейде еркін меңгеру;

• диссертация, ғылыми мақала, баяндама, аналитикалық жазба және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыстың нәтижелерін қорытындылау;

4) дағдылары болуы керек:

• ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу, стандартты ғылыми проблемаларды шешу;

• кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру;

• кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі;

• оқу процесіне заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;

• кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация;

• шешендік, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық түрде келтіре білу;

• күнделікті кәсіби қызметінде және докторантурада үздіксіз білім алуға қажетті білімін кеңейту және тереңдету.

5) құзыретті болуы тиіс:

• ғылыми-зерттеу әдістемесі саласында;

• жоғары оқу орындарында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтер саласында;

• заманауи білім беру технологиялар мәселелері бойынша;

• кәсіби салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізуде;

• білімді үнемі жаңартып, кәсіби дағдылар мен қабілеттерін кеңейту жолдарында.

Б –Базалық білімдер, істей алуы және дағдылар

Б1 – ғылыми дүниетанымды қалыптастыру үшін жаратылыстану, философиялық түсініктерді қолдану мүмкіндігі;

Б2 – химия және химиялық инженерия әдістемесі туралы білімді нақты кәсіби міндеттерді шешуге және технологиялық тәуекелдікті бағалауға қолдану;

Б3 – білім берудің тиімділігі мен сапасын жоғарылатудың психологиялық әдістері мен құралдарын пайдалану мүмкіндігі.

П– Кәсіби құзыреттілік:

П1 – қолданыстағы ақпаратты өздігінен талдау мүмкіндігі, мақсаттар мен міндеттер қоя білу және заманауи инструментальді әдістер мен есептеу құралдарын пайдалана отырып, эксперименталды зерттеулер жүргізу, зерттеулердің сапасына және алынған нәтижелердің ғылыми сенімділігіне жауапты болу;

П2 – жаңа идеялар мен әдістемелік шешімдерді қалыптастыру мүмкіндігі;

П3 – бекітілген нысандар бойынша ғылыми-зерттеу және өндірістік-технологиялық жұмыстардың нәтижелерін кәсіби түрде безендіруге, ұсынуға және есеп беруге қабілеттілігі;

П4 – химиялық инженерия және химиялық материалдарды өндіру саласындағы кәсіби проблемаларды шешу үшін ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, талдау және беру кезінде қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды шығармашылық тұрғысынан қолдануға дайын болуы;

П5 – қоршаған ортаның жай-күйін бағалау және оны сақтау іс-шараларын жоспарлау және жүргізу, табиғатты тиімді пайдалану іс-шараларын ұйымдастыру;

П6 – білім беру материалдарын әртүрлі нысандарда қалыптастыру және таныстыру дағдыларына ие болу, лабораториялық және тәжірибелік сабақтарды жүргізу, білім беру мекемелерінде сабақ беруге және оқырмандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етуге дайын болу.

О – Жалпы адамзаттық, әлеуметтік-этикалық құзыреттіліктер

О1 – қазіргі әлеуметтік және саяси проблемаларды білу;

О2 – мәдениетаралық айырмашылықтарды қабылдау қабілеті, этикалық нормалар мен ережелерді сақтау және қолдау қабілеті;

О3 – шет тілінде коммуникативтік дағдылары, халықаралық контексте жұмыс істеу қабілеті;

С – Арнайы және басқару құзыреттіліктері:

С1 – жұмыс ұжымын басқаруға және өнеркәсіптік қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қабілеті;

С2 – кәсіби іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті;

С3 – стандартты емес жағдайларда әрекет етуге дайындық, қабылданған шешімдерге әлеуметтік және этикалық жауапты болу.

6.2 Ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар.

Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы:

1) магистерлік диссертация орындалып, қорғалатын магистрлік білім беру бағдарламасының бағытына сай болу керек;

2) актуальды және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы болу керек;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі керек;

4) заманауи ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану арқылы орындалуы керек;

5) негізгі қорғалатын бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) тараулары болу керек;

6) химиялық ғылым мен инженерия саласындағы халықаралық озық тәжірибелерге негізделуі керек.

6.3 Практиканы ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық дайындықпен қатар немесе жеке кезеңдерде өткізілетін практиканың екі түрін қамтиды:

1) БП цикліндегі педагогикалық практика – ЖОО-да;

2) ПД цикліндегі зерттеу практикасы – диссертация орындалатын жерде.

Педагогикалық практика сабақ жүргізу мен оқытудағы практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Мұндайда магистранттар ЖОО қалауы бойынша бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылады.

Магистранттың ғылыми практикасы отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаудың заманауи әдістерімен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

7 ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша

Қосымша Еуропалық Комиссияның, Еуропа Кеңесінің және ЮНЕСКО / CEPES стандарттарына сәйкес әзірленген.Бұл құжат академиялық тану үшін ғана пайдаланылады да, білім беру құжатының ресми дәлелі болып табылмайды.Жоғары білім туралы дипломы болмаса, жарамсыз.Еуропалық қосымшаны толтырудың мақсаты дипломның иесі, оның алған біліктілігі, біліктілігінің деңгейі, оқу бағдарламасының мазмұны, нәтижелері, біліктіліктің функционалды мақсаты және ұлттық білім беру жүйесі туралы ақпаратты жеткілікті түрде қамтамасыз ету болып табылады.Бағаларды аударуға арналған қолданбалы модельде еуропалық трансферттер немесе кредит беру жүйесі (ECTS) пайдаланған.

Еуропалық диплом қосымшасы шетелдік униветситеттерде білім алуды жалғастыруға, сондай-ақ шетелдік жұмыс берушілерге ұлттық жоғары білім беруді растауға мүмкіндік береді. Шетелге шығарда кәсіби тану үшін білім туралы дипломды қосымша заңдастыру қажет. Еуропалық диплом қосымшасы жеке сұраныс бойынша ағылшын тілінде толтырылады және тегін беріледі.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ (КӘСІБИ БАҒЫТТАҒЫ)

КОД – LNG205
КРЕДИТ – 3 (0/0/3)
ПРЕРЕКВИЗИТ –Academic English, Business English, IELTS 5.0-5.5

КУРСТЫҢМАҚСАТЫМЕНМІНДЕТТЕРІ

Бұлкурстыңарқасындаарнайытерминологияныүйреніп, арнайыәдебиеттердіоқиалады, кәсібиқызметтешеттіліндеауызшажәнежазбашақарым-қатынасжасауүшінқажеттібілімдіменгереді.

КУРСТЫҢҚЫСҚАШАСИПАТТАМАСЫ

Оқу үрдісінде білімгерлер шет тілін меңгеріп, кәсіптік қызметінде шет тілінде тиімді ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау үшін қажетті арнайы лексика қорын үйренеді. Оқу кезеңіне қажетті тілдік дағдыларды қалыптастырудың практикалық тапсырмалары мен әдістеріне мыналар жатады: кейс әдіс-тәсіл және рөлдік ойындар, диалогтар, дискуссиялар, презентациялар, тыңдау тапсырмалары, топтық немесе жұптасып жұмыс істеу, әртүрлі жазбаша тапсырмаларды орындау, грамматикалық тапсырмалар мен оның түсіндірмелері.

КУРСТІ АЯҚТАҒАНДАҒЫ АЛАТЫН БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫ

Пәнді меңгеру нәтижесінде білімгеркәсіптік лексикалық сөздік қорын кеңейте алады, кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді, сөйлеу және жазбаша ойларды сауатты жеткізуді үйренеді, арнайы терминологияны түсініп, арнайы әдебиеттерді оқиды.

ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

КОД – HUM201
Кредит – 4
ПРЕРЕКВИЗИТ -HUM124

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ- философия мен ғылымның байланысын ашу, ғылым мен ғылыми танымның философиялық мәселелерін, ғылым тарихының негізгі кезеңдерін, ғылым философиясының жетекші концепцияларын, ғылыми-техникалық нақтылықты дамытудың қазіргі мәселелерін анықтау.

